

Монитор экранындағы кескін вакуумдық қолбаға тығындалған, өткір бағытталған электрондар шоғырын люминофорлық жабуды сәулеге түсіру, яғни сәуле арқылы қарап байқау, нәтижесінде пайда болады. Түрлі-түсті кескінді алу үшін люминофорлық жабу қызыл, жасыл, жасыл және көк түсті боп жанатын үш тұрпатты (типті) жолаққа немесе нүктелерге ие болады. Барлық үш сәуле экранда бір нүктеге тоғысып, кескін анық көрінуі үшін люминоформның алдына ұдайы саңылау қалдырылатын қалқа — панелін қояды. Монитордың бір бөлігі вертикалдық сыммен жарықтандырылған, бұл кескіннің анық та, қанық әрі жарық болуын күшейтеді [5].

Бұл мақалада «Компьютерлік сәулет» пәнін толықтыру мақсатында қолданылатын кейбір мәселелер келтірілді. Жалпы арнайы курс 2 кредитті қамтиды. Дәріс материалдарына 1 кредит, зертханалық жұмысқа — 1, өзіндік жұмысқа 1 кредит бөлінген.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа бейне-, аудиоқондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Балакай В.Г. Интегральные схемы аналогово-цифровых преобразователей. — М.: Энергия, 2004. — 300 с.
2. Мураховский В., Евсеев Г. Железо ПК.— М.: ТехБук, 2003.— 688 с.
3. Трасковский А.В. Секреты BIOS. — СПб.: БХВ-Петербург, 2004. — 400 с.
4. Васильев Станислав, Вонг Адриан. Полные настройки BIOS. www.3dnews.ru/cpu/bios.
5. Якусевич В.В. BIOS Setup. Полное руководство.— М.: Альтекс-А, 2007. — 250 с.

ӘОЖ 81'243:004

Көптілді білім беру саласында ақпараттық технологиялардың рөлі

Көпжасарова Ү.И., Далабаева А.С.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассмотрены некоторые проблемы многоязычия в мире, изучены точки зрения ряда ученых по данной проблеме. Авторами раскрываются основные особенности информационных технологий в полиязычной образовательной сфере; точно определены информационно-дидактические средства обучения, в связи с чем показана их значимость в полиязычном образовании.

This article deals with the research of the problem of multilingualism throughout the world, and also reviews the viewpoints of some researchers on multilingualism. And also disclosed the main features of innovative technology in polylingual educational sphere. The role of information technology in teaching a foreign language is determined by important documents of our country. In this article, clearly defined information and educational training tools. In this regard, revealed their great significance in polylingual education.

Қазақстан Республикасы ғасырлар тоғысуында дербес мемлекетке айналды. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет көкжиегінде құрылды. Ғаламдану мен кірігу заманындағы бүгінгі өркениеттің аса бағалы көп сипаттарының ішінде Қазақстанның басқа мемлекеттермен тығыз байланыста болатын бағдары бар. Сол себепті ана тілімен қоса көп тілді жеткілікті дәрежеде меңгеру және білім мен ғылымның барлық саласында білікті болу біздің жаңарған қоғамымыздың көрсеткіші, алға қарай даму сатысындағы қажетті құбылыс болмақ [1].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістерге үнемі қатысуда. Қазір педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа үлгісін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Оның жүйесінің негізгі ұстанымдары «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту» тұжырымдамасында көрсетілген [2].

XXI ғасырда бүкіл адамзатқа қажетті және бағалы болып саналатын бейбітшілікті орнатуда, яғни әрбір азамат өз ұлтының қасиетті құндылықтарына қамқорлық көрсетумен бірге өзге ұлттардың тілдеріне, діндеріне және мәдениеттеріне төзімділік танытып, құрмет көрсетуде көптілдік категория маңызды рөл ойнайды. Сондай-ақ бірнеше тілдерді меңгеретін тұлға өзге тілдерді меңгергені секілді, өз тілін және ұлттық құндылықтарын өзге елдерге таныта алады. ЮНЕСКО халықаралық ұйымының көптілдік туралы ресми құжаттарында дүние жүзіндегі барша халықтарға өз тілдерін киберкеңістікте, яғни электрондық түрін шығарып, Интернет желісіне қосуды ұсынады. Нәтижесінде дүниенің кез келген жерінде Интернет желісіне байланысу арқылы қалаған тілмен танысып, үйренуге мүмкіндік бар. Сонымен қатар көптілді білім беру жүйесі арқылы шетелдік ғалымдардың еңбектерімен және дүние жүзінде күнделікті болып жатқан жаңалықтар және өзгерістермен тікелей танысу мүмкіндігіне қол жеткізуге болады [3].

Көптілді білім беру саясаты «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгілі мақсат пен міндеттер аясында өз көрінісін тапқан:

- әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көпдеңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басылымдықтарды анықтау;
- азаматтық пен патриотизм, ұлтжанды қасиеттер бойына дарыған шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктері; даралығы дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;
- оқытудың жаңа технологиялары, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану [4, 5].

Осы қатарда шетел тілінен білім берумен тікелей байланысты «Қазіргі заманғы тілдер: үйрену, оқыту, бағалау. Жалпыеуропалық құзырлық» атты құжаттың негізінде дайындалған «Қазақстан Республикасында шетел тілінен білім беруді дамыту тұжырымдамасын» атап өтуге болады. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты — шетел тілдерінен білім берудің маңызды бағыттарын анықтай отыра, үздіксіз және сабақтастық білім берудің ұлттық деңгейі мен моделін ұсыну. Бұл Қазақстанның көптілді әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуін қамтамасыз ететін болады. Осы орайда атқарылатын іс-шаралар халықаралық стандартқа сай шетел тілдерін меңгеру деңгейінің сапалық көрсеткіштеріне жетуді талап етеді [6].

Шетел тілінен білім берудің деңгейлік моделімен тығыз байланысты ерекше құжат еуропалық тіл «Портфолиосын» атауға болады. Аталмыш «Портфолио» — жүйелі түрде ретке келтірілген, шетел тілін меңгеруде жеткен жетістіктеріне дәлел бола алтын және өз бетімен дайындалған жазба және ауызша жұмыстар жиынтығы.

Аталған Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі мақсаты:

- ҚР-да үздіксіз және сабақтастық негізде шетел тілінен білім беру жүйесін түзу;
- халықаралық стандарттық талапқа сай деңгейлі негізде шетел тілін оқыту;
- шетел тілінен алған дипломның басқа елдерде жарамдылығына кепілдік беру;
- шетел тілінен халықаралық сертификаттарға ие болу;
- құқықтық-басқару және оқу-әдістемелік құжаттарды түбегейлі өзгерту;
- жаңа буын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешенін дайындау;
- бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, қабілеті мол жаңа заманға лайық мұғалім кадрларды даярлау;
- Қазақстанның жаңа әлемнің білім беру кеңістігіне кірігуіне жағдай жасау.

Көптілділік қағидасын іске асыруда орта мектеп пен жоғары оқу орындар арасындағы сабақтастық өз дәрежесінде орын алу үшін бұл мәселе мемлекет деңгейінде заңдастырылуы қажет деп

санаймыз. Мысалы, шетел тілінде оқытылатын пәндер тізімі мен мазмұнын анықтау, кадрлар даярлау мәселелері бірізділік пен жүйелілікті қажет етеді. Көптілділік дидактикасына байланысты соңғы уақыттағы басылымдар мен тәжірибеге сүйенсек, бұл құбылысты іске асыруда төмендегі қағидаттарды ұстанған абзал:

- бірнеше тілдерді интегративтік түрде оқытып, оның ішінде бір тіл негізгі базалық тіл болып есептеледі, ол тіл екінші және үшінші тілді меңгеруге оң әсерін тигізеді;
- тілдерді қатарластыра отыра оқыту;
- тілдерді үйренуде оқушылардың оқу және лингвистикалық тәжірибесін пайдалану (әмбебап терминдер, әр тілдегі ұқсас грамматикалық категориялар тілдерді меңгеруді жеңілдетеді);
- тілдерді меңгерудегі тыңғылықтылық, асығыстыққа, үстірттілікке жол бермеу;
- тілдерді оқытудың танымдық бағытында оқушы көптілділік құзыр-қабілеттілікті меңгеріп қана қоймай, тіл құбылыстарына қызығушылық танытатын лингвист ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;
- тілді меңгеруде мәдениаралық бағыттылық, білім алушы тек көптілді тұлға ғана емес, көпмәдениетті азамат ретінде қалыптасуы шарт [7].

Ғалым Барышниковтың есептеуінше, бірнеше тілді үйрену оқытушыдан және білім алушыдан ыждаһаттылық пен табандылықты талап етеді. Тілдік және сөз жаттығуларының кең көлемде орындалуы, бейдәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану (мысалы, бірнеше мұғалімдердің бір мезгілде сабақ жүргізуі), аудио- және бейнеқұралдарды пайдалану, субтитрі бар фильмдер көрсету, жергілікті теледидардан «Тіл сағаты» хабарларын немесе сабақтарын жүйелі түрде беріп тұру, серік немесе желілі теледидар бағдарламаларын тамашалау, тілдерді жетік меңгерген немесе шетел тілдерін ана тіл ретінде меңгерген азаматтармен кездесу кештерін, шетел тілінде жүргізілетін клубтар жұмыстарын ұйымдастыру көптілді коммуникативтік құзыр-қабілеттің дамуын арттыратын бірден-бір таптырмас құрал [8]. Енді шетел тілін оқытудың кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетейік, шетел тілі кез келген тіл тіркесі ретінде қоғамдық-тарихи өнім, бұл құбылыста халықтың тарихы, мәдениеті, әлеуметтік қатынастар жүйесі, әдет-ғұрып, дәстүрлер бейнеленеді.

П.В.Сысоевтың айтуынша, «тілде халықтың рухы, оның ұлттық сипаты бар», тіл ұрпақтар арасындағы дәнекер қызметін атқарады. Тіл — қарым-қатынас және тұлғаны дамыту құралы. Бізге ең қасиетті ереже — тіл айтайын деген ойды жеткізу құралы. Яғни белгілі ой-тұжырым тіл құралдары арқылы іске асырылады. Шетел тілін үйренудің ана тілін үйренуден айырмашылығы бар [9]:

1. Тілді меңгеру бағытына байланысты.
2. Қарым-қатынас жиілігі.
3. Тілдің адамның заттық-коммуникативтік әрекетімен байланысы.
4. Атқаратын функциялар жиынтығымен ерекшеленуі.
5. Тілді үйренуде бала дамуының ең қолайлы кезеңімен байланысы.

Л.С.Выготскийдің айтуынша, ана тілін меңгеру «төменнен жоғары қарай» болса, шетел тілін үйрену «жоғарыдан төмен қарай» бағытталады. Шетел тілінде қарым-қатынас жасағанда айтатын ой легінің мағынасы саналы түрде бақыланса, ой жеткізу формасы автоматты түрде іске асырылады [10].

Қарым-қатынас, ауызекі сөйлесу жиілігі ана тілінде өте жоғары. Шетел тілінде сұхбаттасу көбінесе сабақта ғана орын алады, сонымен қатар оқушының сөздік қорының аздығы, пайдаланатын грамматикалық құрылымдардың тапшылығы, фонетикалық кемшіліктер ойын еркін білдіруге кедергі жасайды. Шетел тілі тек коммуникативтік қызметте қолданылып, заттың өзінен алшақтайды. Ана тілін үйренгенде бала заттарды ұстап көріп, олармен ойнап, аттарын айтып, сөйлеп үйренеді. Ана тілі өз қызметтерін толық орындайды, қоршаған ортаны, қоғамдық тәжірибені меңгерудің құралы.

Оқытушы мен оқушының арасындағы әр түрлі ақпарат алмасудың аясын кеңейту ақпараттық жаңа технологияларды (АЖТ) қолданудың алғы шарттары болып табылады. Е.С. Полаттың пікірінше, АЖТ микропроцессор техникасы, қазіргі телекоммуникациялық ақпарат алмасу — аудио-, бейнетехникасының негізінде жұмыс істейтін бағдармалық-ақпараттық құралдар мен жабдықтар. Олар ақпаратты жинақтау, пайдалану, сақтау, өңдеу және жөнелту сияқты операцияларды іске асырады. Технологияны қолдану оқу жүйесінің барлық компонентіне әсер етеді: ол оқу мақсатын, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және әр түрлі ұйымдастыру формаларын қамтиды [11]. АЖТ-ны қолдану адамның интеллектуалдық, шығармашылық әлеуетін, аналитикалық сыни ойлау жүйесін дамыта отыра, тіл үйренушінің өз бетімен білімін толықтыруға және ақпараттың әр түрлі дерек көздерімен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызады. Осы жерде 2 технология туралы айтып кеткен жөн: 1) интеллектуалды

технология — ойлау жүйесінде интеллектуалды процестерді тиімді іске асыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер кешені; 2) информатикалық технология, компьютерлік технология осының бір құрамдас бөлігі. Осы орайда оқу үрдісінде қолданылатын ақпараттық дидактикалық құралдарды да атап өткен жөн: 1) программаланған оқулық (оқу материалы курстың логикалық құрылымымен сәйкес бірнеше элементтерге жіктеліп қысқаша берілген, оның ішінде сұрақ-жауап бөлімдері де бар); 2) электрондық оқулықтар; 3) мультимедиялық оқу құралдары. Мұнымен қатар компьютерлік технология электрондық сөздіктерді, энциклопедиялық және ойын бағдармаларын да қамтиды. Шетел тілін үйренуде компьютерлік бағдармаларды пайдалана отыра, тыңдап-түсіну, сөйлеу, оқу, жазу сияқты біліктерді және фонетикалық, грамматикалық, лексикалық дағдыларды дамытуға болады.

Ресейлік ғалым В.М.Глускин АЖТ-ның пайдалы жақтарын өзінің «Технические средства в обучении иностранному языку» атты зерттеуінде былай деп атап көрсеткен:

- мұғалімнің оқушыларға ақпараттық мәліметті беруге мүмкіндігін кеңейтеді;
- оқу үдерісінде оқушылардың іс-әрекеттерін реттеп, оларға бағыт-бағдар беруге көмектеседі;
- ауыз-екі біліктіліктерді дамыту барысында жаттығуларды қызықты әрі белсенді ете түседі [12].

Ғалым М.Д. Рыбаков компьютерді шетел тілі пәні сабағында қолданудың төмендегідей тиімді жақтарына тоқталады:

- компьютер оқушының ауыз-екі сөйлеуін тездетеді;
- тілін үйреніп жатқан ел туралы кең мәліметтер береді;
- оқушыға шетел тілінің түрлі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық т.б. ерекшеліктерін көрсетеді;
- оқушы мектептен тыс жерде де компьютер арқылы шетел тілін оқуды әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік алады;
- оқушының өз бетімен жұмыс істеу біліктілігін арттырады;
- компьютерді қолдану оқу-тәрбие үрдісіндегі музыкалық, түр-түстік, сандық, ойындық т.б. мәліметтерді жеңіл шешуге қолайлы жағдай тудырады.

Шетел тілін оқу үрдісінде жаңа мультимедиялық технологиялар үздік әдістемелік тәсілдермен шебер әрі дұрыс ұштастырылса, өте тиімді нәтиже беретінін уақыт өзі көрсетіп отыр. Шетел тілі сабағында компьютер арқылы атқарылатын жұмыстарды екі түрге бөлуге болатындығын айтады М.Д. Рыбаков. Танымдық әрі білімдік компьютерге арналған бағдарламалар сабақта және сабақтан тыс кезде компьютерді қолдануға өте қолайлы. Ойын элементтері бар бағдарламаларды қолданып, мұғалім оқушылармен жеке және топтық жұмыстарды жасай алады [13].

Компьютерді тіл үйренуге пайдалану шетел тілінің сөздерін дұрыс тыңдауға, сөздерді жеке-жеке бөлуге, сөздердің жазылуы мен айтылуын қатар салыстыруға мүмкіндік береді. Сөздердің айтылуын тыңдау мен микрофонды қолдану фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға жағдай туғызады. Әр бағдарламада белгіленген тапсырмаларды орындау тіл үйренуге деген ынта, ықыласты тудырады. Шетел тілінің материалдарын компьютерлік бағдарлама көмегімен түсіндіру, пысықтау, жаттықтырудың мынадай тиімді жақтары бар:

- жаңадан түсіндірілетін материалдарға оқушылардың көңіл қоюы өте жоғары болады;
- тақырыпты оқушылардың меңгеруі әрі тез, әрі сапалы болып, олар келесі сабақта-ақ жаңа материалдармен қатесіз жұмыс жасай алады;
- оқуға деген шәкірттердің жауапкершілігі арта түседі.

Кез келген қиын материалдармен жұмыс жарыс ретінде ұйымдастырылған жағдайда оқушылар оларды еш қиындықсыз-ақ меңгере алады. Оқу материалдарын Microsoft Word-та да, Microsoft Power Point-та да жасауға болады.

Компьютерлік технологияларды шетел тілін үйрету үрдісіне ендіру білім беруді жеделдетуге тікелей ықпал етеді. Олар іс жүзінде психологиялық-педагогикалық мәселелерді қолдануға жағдай тудыру арқылы білімді механикалы түрде меңгеруден өз бетінше жаңа білім алуға қажетті білік, дағдыларды қалыптастырады. Компьютерлік технологиялар білім алушылардың жеке басының қабілеттерін ашып, сақтап және жетілдіре түседі.

Өзге тілді үйренудегі басты мақсат балалар бойында мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру болғандықтан, Интернеттің атқарар қызметі өте үлкен-ақ. Өйткені Интернет халықаралық көп ұлтты қоғамды қамтып, ол арқылы әлемнің миллиондаған адамдары электрондық

қарым-қатынасты қолдануда. Ал шетел тілін меңгерген адамға әлемнің ақпараттар ағымындағы түрлі мәліметтер есігі кеңінен ашылып отыр.

Ал Интернет арқылы Жер шарындағы басқа ел өкілдерімен біріккен жоба жұмыстарын орындау кезінде шәкірттер сөз қорын байытып, өзге ел мәдениетін үйреніп, әлеуметтік және қоғамдық ерекшеліктерді танып біледі, тілдік әдеби этикетке, түрлі халықтардың салт-дәстүрінің ерекшеліктерін біліп, өздерін қызықтыратын мағлұматтарды ала алады.

Білім беру ортасы ретінде көпшіліктің көңілінен шығып отырған ақпарат көзі — Интернетті пайдаланушылардың саны жылдан жылға көбейіп келеді. Негізгі қызмет көрсету бағыттары: электрондық пошта, телеконференциялар өткізу, өз ақпаратыңды орналастыруға, өз үй парағын ашуға мүмкіндіктің болуы; жалпы ақпарат көздерін пайдалануға жол ашылуы, соның ішінде анықтама каталогтарын пайдалану (Yandex.ru, Aport (www.aport.ru) — орыс тілді, www.yahoo.com және т.б. шетелдік каталогтар), іздеу жүйелерін пайдалану (ресейлік Рамблер, Яндекс, Гугл, шетелдік www.Google.com және www.Altavista.com), сөйлесу мүмкіндігі (Chat, ICQ). Интернет жүйесінен оқу процесіне қажет әр тілде қызықты да тартымды материалдарды тауып, көшіріп сабақта пайдалануға болады. Еліміздің білім беру мекемелерінде жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану білім сапасын арттыруға, әлемдік білім кеңістігіне кірігуге, несиелік білім беру жүйесінің міндеттерін ойдағыдай іске асыруға бірден-бір алғы шарттар болып табылады [14].

Қорыта айтқанда, ХХІ ғасыр — полиглоттар мен көптілді меңгерген тұлғалар заманы. Жоғарыда айтылған мақсат-міндеттерді іске асыру тілдер мен мәдениеттердің қауышуына, басқа халықтар мен ұлт өкілдеріне төзімділікпен қарайтын ұлтжанды, көптілді және көпмәдениетті дүниежүзілік қауымдастықтың күрделі проблемаларын түсіністікпен қабылдап, оларды шешуге өз үлесін қосуға ниеті бар тұлғаны тәрбиелеуге үлкен жол ашады.

Ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдану барысында жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыруға қажетті мүмкіндіктерді қамтитындығы анық. Сонымен қоса бүгінгі білім беру жүйесінде, яғни көптілді білім беру саласында, ақпараттық технологиялар — бүгінгі заман тапсырысы. Сондықтан жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми ойларын есепке ала отырсақ, көптілді оқу жүйесіндегі жаңа технологиялардың маңыздылығы ашылмақ.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы үшін жас ұрпаққа білім беруде ақпараттық технологияны, жаңа инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және дұрыс пайдалана білу — бүгінгі күннің басты талабы.

Әдебиеттер тізімі

1. *Түймебаев Ж.К.* Полиязычное образование как фактор обеспечения конкурентоспособности специалиста // «Жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беру: өзекті мәселелері мен болашағы» атты халықарал. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. — Астана-Қарағанды, 2008. — 11–12 қараша. — 3–5-б.
2. 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. — 2004. — 15 қаңт. — 40–48-б.
3. *Ломакина И.С.* Изучение иностранных языков в ЕС в контексте политики мультилингвизма // Иностранные языки в школе. — 2008. — № 3. — С. 101–108.
4. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына» түсіндірме. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі // Қазақстан мектебі. — 2004. — 16–18-б.
5. ҚР «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. — 2004. — 16 қазан. — 3–7-б.
6. ҚР шетел тілінен білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі. — 2005. — 34–41-б.
7. *Пассов Е.И.* Содержание иноязычного образования как методическая категория // Иностранные языки в школе. — 2007. — № 6.
8. *Барышиников Н.В.* Мультилингводидактика // Иностранные языки в школе. — 2004. — № 5. — С. 19–27.
9. *Сысоев П.В.* Язык и культура: в поисках нового направления в преподавании культуры страны изучаемого языка // Иностранные языки в школе. — 2001. — № 4, 7. — С. 11.
10. *Выготский Л.С.* Дидактика многоязычия и проблема «доминантного» языка // Иностранные языки в школе. — 2007. — № 6. — С. 23–27.
11. *Полат Е.С., Бухаркина М.Ю.* Новые педагогические и информационные технологий в системе образования. — М.: Academia, 2003. — С. 223.
12. *Глускин В.М.* Технические средства в обучении иностранному языку. — М., 1990. — С. 307.

13. Рыбаков М.Д. Использование компьютерных технологий на уроке иностранного языка // Современное образование в России. — 2005. — № 5. — С. 15–27.
14. Коптюг Н.М. Интернет-уроки как вспомогательный материал для учителя иностранного языка // Иностранные языки в школе. — 2000. — № 4. — С. 34–36.

УДК 371:004

Особенности обеспечения информационной безопасности в условиях информационного общества

¹Казимова Д.А., ²Сулейменова Н.Е.

¹Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова,
²Средняя школа № 1 им. О.А. Жаутикова, Каркаралинск

Мақала кәсіби қызметтері ақпараттық жүйені ұйымдастырумен және жетілдірумен байланысты мамандарда ақпараттық қауіпсіздікке даярлығын қалыптастыру мәселесіне арналған. Ондай мәселелерді шешу үшін кәсіби маман келесілерді білуі міндетті: ақпаратты қорғау үшін таңдау; компьютерлік жүйелерде қолданылатын қорғау шараларды; рұқсатсыз ену жолдарын және оған тосқау қою; қазіргі қорғау тәсілдері мен амалдарды. Бұл мақсатқа жету үшін осы салада қызмет жасайтын мамандарды дайындауда арнайы оқыту-әдістемелік құралдар қолданылуы тиіс.

The article is dedicated of such present interest problem as to make ready specialists, whose professional activity is connected with using information systems, for providing their information safety. For want of solution of problems of safety of an information and determination optimum it of solutions the professional expert in problems of information safety should know how: to make choice of an information as a guard, to use the known strategies and tactics of a guard of any subject to a guard of an information in computer systems, to determine in computer systems possible channels of unauthorized access to an information on the part of the infringer of that or other class, to use modern methods of a guard of an information.

Современный этап развития человеческого общества можно охарактеризовать одним словом — информационный. Как подчеркивается в Окинавской Хартии глобального информационного общества, информационно-коммуникационные технологии становятся важным стимулом развития мировой экономики. Они являются одним из наиболее значимых факторов, обеспечивающих функционирование мировых рынков информации и знаний, капитала и труда.

Сегодня в Республике Казахстан, как и в ряде других стран мирового сообщества, наблюдается стремительное распространение новых информационно-коммуникационных технологий. Их революционное воздействие касается государственных структур и институтов гражданского общества, экономической и социальной сфер, науки и образования, культуры и образа жизни людей, что усугубляет проблемы информационной безопасности.

Система образования Республики Казахстан ориентирована на вхождение в мировое образовательное пространство, поэтому качество образования рассматривается в контексте соответствия уровня получаемых образовательных услуг мировым стандартам и нормам. При этом приоритетным является достижение такого качества подготовки специалистов, которое даст им возможность конкурировать на международном рынке труда. Получение качественного образования — конституционное право каждого гражданина республики.

В условиях жестких рыночных отношений и все усложняющихся требований к содержанию образования, способам организации учебного процесса необходимы поиски новых резервов повышения качества и эффективности подготовки будущих специалистов. Массовая компьютеризация, внедрение и развитие новейших информационных технологий привели к впечатляющему рывку вперед в сферах образования, бизнеса, промышленного производства и научных исследований.